



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

бағдарламаларды дайындауға және қабылдауға, сонымен қатар бюджеттің орындалуын бақылауға қатысады.

Қазіргі таңда елімізде Ата заңымыз бен ұлттық заңдарымыз адамдардың шығармашылық, жасампаздық қуатын күшейтіп, кәсіпкерлікке шабыттандыруда. Бұл сөзімізге, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы Сұлтан Сартаевтың «Біз конституциялық кеңістікте өмір сүрудеміз» деген пікірі дәлел бола алады.

Енді болашақта Қазақстанның конституциялық дамуы мен өзгеруі ұлттық мемлекеттің арқалаған міндеттерін шеше алатын конституциялық принциптермен және мемлекеттік-құқықтық институттармен тығыз байланысты болмақ. Еліміз мүше болған Кеден одағының дамуындағы мәселелердің рөлінің маңызы арта түспек. Ұлттық деңгейден жоғары тұратын ұйымдар құру кезінде конституциялық заңдылық мәселелері өзекті болады.

Елбасы Ата Заңның дайындалуы барысында саяси көрегенділікпен: «Мен жұмыс барысында қоғамның бір орнында тұрмайтынын, жаңа сан қилы сапалық деңгейлерге көтерілетінін, кез келген мемлекеттік шешімдер мен құжаттар да ерте ме, кеш пе, бәрібір уақыт талабынан қалып қоятынын ойладым. Ондай кептен қоғам мен мемлекет өмірінде болып жатқан шын өзгерістерді бейнелеуге тиісті Конституцияның да қашып құтыла алмайтындығы даусыз. Сондықтан да кез келген елдегі конституциялық процесс Конституцияның қабылдануымен тоқтап қалмайды. Әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің құқықтық кепілдемесі қоғамдағы өзгерістер қарқынына ілесіп қана қоймай, алға озып отыруға тиісті» деп, алдағы уақытта ірі реформалар мен қоғамдағы өзгерістердің болатынын, оған алдын ала дайын болу керектігін дәл болжап берді.

Елімізде кезең-кезеңмен өткізілген конституциялық қайта құрулар мемлекеттік құрылымның тиімді дамуына, демократиялық қағидаларға сүйеніп азаматтық қоғамның мүдделерін қамтамасыз етеді. Қазіргі қазақстандық жүйе биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы, конституциялық реформа Қазақстанды шынайы демократияландыруға қарай жасалған нақты қадамдардың бірі болды деп нық сеніммен айта аламыз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. <http://www.astana-akshamy.kz/konstitutsiyalyq-reforma-qoghamdy-dem/>
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, VII том
3. Пучков П.И. и др., Страны и народы, М., 1979; Самбуrowa E.H., Медведова A.A., Китай, М., 1989; Большой географический атлас мира, М., 2004.
4. <http://www.sarap.kz/index.php/kz/rubikon/112-orta-asia-memleketteri.html>

УДК 343.4

### **ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘРЕКЕТСІЗДІК ҚҰРАМЫНЫҢ ҚЫЛМСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

**Тастаев Нұрлыбек Бегимбетович**  
[zhantoly@inbox.ru](mailto:zhantoly@inbox.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ МҚҚ-11 оқу тобының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Ж.Н. Альмухамбетов

Жасалатын кез-келген қылмыс тікелей немесе жанама қоғамдық қатынастарға қол сұғады. Сондықтан, ол бүкіл қоғам үшін қауіпті боп келеді. Қылмыстық құқық саласындағы көпшілік ғалымдар мен криминалистер таныған жалпы ережеге сәйкес қылмыстың жалпы объектісі болып, соның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 370-бабымен көзделген қызметтегі әрекетсіздік те қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар табылады. Қоғамдық қатынастар- бұл кез-келген қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастар, ал адам осы қатынастардың иегері болып табылады [1]. Сондықтан, қылмыскер

мемлекеттің мүддесіне және т.б. игіліктеріне қол сұға отырып, сонымен бір уақытта қоғамдық қатынастарға да қол сұғады.

Қоғамымызда орын алған күрделі әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістердің нәтижесінде лауазымды адамдардың қылмыстары мемлекеттік органның аппараты жүйесінде немесе коммерциялық және өзге де ұйымдар жүйесінде істелетіні айқындалды. Осыған орай бұрынғы Кодекстегі лауазымдық қылмыстар деген тарау лауазымды адамдардың қызмет бабын пайдалана отырып істейтін қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің мәніне қарай коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы және мемлекеттік қызметкерлеріне қарсы қылмыстар болып жеке екі тарауға бөлінеді. Мұндай бөлінудің негізгі қылмыстың объектісі мен субъектісі болып табылады. Мемлекеттік емес ұйымдардың лауазымды адамдарының қылмысты іс-әрекеті сол ұйымдардың бір қалыпты жұмысына кедергі келтіреді және олардың мемлекеттік аппарат қызметіне еш қатысы болмайды.

Осы екі органның – мемлекеттік немесе коммерциялық және өзге ұйымдардың лауазымды адамдарының атқаратын функцияларында елеулі өзгерістер бар. Жалпыға мәлім бірқалыпты дұрыс қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың қызметі ғана қоғамның экономикалық дамуына, оның мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қабілетті. Осыған орай мемлекеттік аппараттың қызметін қорғау, оған қылмыстық қол сұғуды болдырмау ең маңызды мәселе болып табылады. Өйткені мемлекеттік аппарат қоғамды басқару жүйесінің қажетті белгісі болып, ондағы жүріп жатқан процестердің реттеушісі болып табылады. Жаңа Қылмыстық кодексте қызмет борышын адал атқаратындардың мүдделерін қорғайтын көптеген баптар баршылық, сонымен бірге өз қызметтеріне қиянат жасайтындарға заң алдындағы қатаң жауаптылықта көзделген.

Қылмыстың жалпы объектісінен оның тікелей объектісін ажырата білген жөн. Көп жағдайда қылмыстық заңда кез-келген қылмыс құрамының белгілерін сипаттау кезінде объект ретінде қоғамдық қатынастар көрсетілмей, олардың материалдық көрінісі немесе кез-келген қылмыс құрамының тікелей объектісі болып табылатын қоғамдық қатынастарға қатысушыларының нақты игіліктері көрсетіледі. Қылмыстың тікелей объектісі нақты қылмыс құрамын ұғыну, түсіну, бұзылған қоғамдық қатынастардың мәнін ашу қылмыстық әрекеттің қоғамдық қауіптілік дәрежесін ұғыну үшін маңызды және осы қылмыс құрамын оған ұқсас қылмыстардан ажыратуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстардың топтық объектісі - мемлекеттік аппараттың дұрыс, бірқалыпты қызметі; қосымша тікелей объектісіне - азаматардың ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, қоғамның мемлекеттің заңды мүдделері жатады. Кейбір қылмыс құрамдарының міндетті белгісі - қылмыс заты болады: материалдық сыйақы (366, 367, 368-баптар), ресми құжат (369 - бап). Объективтік жағынан мемлекет мүддесіне қарсы қылмыстар материалдық құрам (ҚК-тің 361, 362, 363, 370, 371-баптары және формальдық құрам (ҚК-тің 364, 365 баптар) болып бөлінеді.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар материалдық және басқа құндылықтарды, халыққа көрсетілетін қызметті бөлуге, айырбастауға және тұтынуға байланысты туындайтын, қоғамдық қатынасқа зардабын тигізетін, қылмыстық заңда көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекет. Айтылғандар түсінікті болу үшін экономикалық қылмыстың бір түріне талдау жасайық. Ол, тыйылмай отырған қылмыстың бір түрі, – қызметтегі әрекетсіздік (Қылмыстық кодекстің 370-бабы).

Бұл қылмыстың объектісі – мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қалыпты жұмысы. Қылмыстың объективтік жағының міндетті нышаны – қызметте әрекетсіздік таныту тәсілімен заңсыз сыйақы алуы. Заңсыз сыйақыны алу дегеніміз субъектінің орындалған жұмыс үшін төленетін ақыдан артық ақша, тауар, ішімдік, т.б., сондай-ақ жеңілдіктер немесе мүліктік сипаттағы қызмет көрсету түрінде сыйақы алуы. Мүліктік сипаттағы қызмет көрсетуге ойын-сауықтық және басқа шараларға билет, санаторий, демалыс үйіне жолдама алу, жеңілдік бағамен тауарлар сату, т.б. жатады. Айыптыны жауапқа тарту үшін, “мәселені шешу үшін сыйақы алған уақыттың – жәбірленуші үшін

қажеті жұмыстың немесе қызмет көрсетудің орындалуына дейін немесе одан кейін алғандықтың” маңызы жоқ.

Заңсыз сыйақы алу мемлекеттік және басқа ұйымдарда орын алуы мүмкін. Қорқытып алу – субъектінің сыйақы беру немесе жеңілдік жасау не қызмет көрсету жағдайындағы талапты тікелей қоюы ғана емес, сыйақы төлеуге немесе жеңілдік жасауға не қызмет көрсетуге клиентті мәжбүр ететін жағдай тудыру болып табылады. Қорқытып алу, сонымен қатар, заңсыз сыйақы алу үшін қандай да бір кедергіні әдейі жасаумен немесе соны себеп етумен, жұмысты орындаудан немесе қызмет көрсетуден тіке бас тартумен немесе әдейі кешіктірумен де сипатталады.

Заңсыз сыйақыны тапсырыс берушінің ынтасымен алу, егер қорқытып алушылық орын алмаса, қылмыс болып табылмайды. Қылмыстың субъективтік жағы тікелей ниетпен сипатталады. Айыпты өзінің заңсыз сыйақыны, жеңілдікті немесе қызмет көрсетуді қорқыту жолымен алып отырғандығын түйсінеді, соны тілейді. Қылмыстың субъектісі – жасы 16-ға толған, лауазым иесі болып табылмайтын, егер қылмыс мемлекеттік емес ұйымда жасалса – басқару қызметін атқармайтын адам. Заңсыз сыйақыны алудың сараланған түрлері – бұл қылмысты бірнеше рет немесе ірі мөлшерде жасау.

Егер, адамның алған сыйақысының сомасы немесе оған көрсетілген жеңілдіктің немесе қызметтің құны 300 айлық есептік көрсеткіштен асса, заңсыз сыйақы алу ірі мөлшерде жасалған болып саналады. Ірі мөлшерді анықтағанда әртүрлі адамдардан неше қайтара алған сыйақылардың жалпы сомасы емес, жеке алынған әрбір сома ескеріледі.

Қылмыстың қажетті белгілерінің бірі параның заты болып табылады. Пара заты болып табылатындар: ақша, бағалы қағаз, материалдық игіліктер, өтеусіз төлемдер, төленетін қызметті тегін көрсету, қымбат заттар мен техника антикварлық, жеке коллекциялық заттар және де мүлікке құқық беретін жеңілдіктер (құрылыс жүргізу, қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары, жол жүру билеті, жеңілдік арқылы қарыз алу және т.б.).

Қазіргі кезеңде нарықтық экономика жағдайында парақорлықтың жаңа түрлері туындаған: паралар біріншіден ғимарат; офис, жер алу үшін, қолда жоқ ақша қаражатын нақты ақшаға аудару, пайдалы банктік несие алу үшін алынады.

Екіншіден параның өзі жаңа мәнге ие болды. Лауазымды тұлғаға аталған не басқада қызметтер үшін банктен есеп шоттар ашылып, оларды меншікке ие жасап, оларда әртүрлі сылтаулармен шетелге белгілі бір маман консультант ретінде шығуын: жол жүруін төлеп, және де бірталай көп ақша қаражатын СКВ-мен берілуін ұйымдастырады.

Пара ретінде автомобильдер, ақша, мал, кәсіптік тауарлар азық түліктер, бағалы заттар және де басқадай материалдық мәндегі игіліктер беріледі.

Тәсіліне қарап параны алу екі түрге бөлінеді: ашық және көмескі түрлер.

1) ашық пара беруде пара заты лауазым адамның өзіне тапсырылады немесе оның келісімі бойынша жақындарына тапсырылады, пара үшін істелетін іс - әрекеттер жөнінде келісіледі.

2) көмескі түрде пара беруде пара затын беру сырттай қарағанда заңды сияқты болып көрініп, бүркемелеу жолымен кінәлыға тапсырылады.

Тапсырылу уақытына қарай пара алудың екі түрі болады: оның біріншісі пара сатып алу, яғни лауазым адамының параны мүдделі жақтың өзіне тиімді іс-әрекеттерді істегенге дейінгі мерзімде тапсыруы.

Екіншісі пара – сыйлау, мұндай пара лауазым адамына келісілген іс-әрекеттерді істегеннен кейін «алғыс» ретінде тапсырылады.

Пара үшін жүзеге асырылатын іс-әрекеттің мәніне қарай бұл қылмыс тағы да екі түрге бөлінеді: пара-сыйлық – пара лауазым адамына заңға сәйкес жүзеге асырған әрекеттері үшін тапсырылады. Мысалы іс - әрекетінде қылмыстың құрамы жоқ адам жөнінде тергеушінің істі қысқартып пара алуы; Пара – ақы. Лауазым адамына заңсыз әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін тапсырылады. Мысалы, көрінеу ұрлық жасаған адамды қылмыстық жауапқа тартпау арқылы тергеушінің немесе прокурордың пара алуы.

Сонымен, қызметтегі әрекетсіздік қылмысы заңсыз сыйақы алу қылмысымен қатар жүретіндігін байқауға болады және бұл қылмыс қызметтегі әрекетсіздіктің объектісі болады деп тұжырымдауға болады.

Қылмысты тәртіпсіздіктен және басқа да құқық бұзушылықтан ажырата білу керек. Мұндай шек қоюшылық проблемасының тәжірибелік маңызы зор: оған адам тағдыры, қылмыстық істің әділ шешілуі тікелей байланысты. Қылмыстың тәртіпсіздіктен айырмашылығы мынада, ол мемлекеттік тұрғыдан ерекше қорғалатын қоғамдық қатынастарға айтарлықтай елеулі зиян әрі нұқсан келтіретіндіктен, қоғамдық қауіпті әрекет болып табылады [2]. Сондықтан да онымен күресте қылмыстық-құқықтық шаралар қолданылады. Қылмыскерлікпен күрестің негізге аларлық бастауы деп мыналарды санауға болады: қылмыскерлікті айқындау, ашу және айыпты адамдарға қатысты заңда көзделген шараларды қолдану. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін тек заңның бұзылған фактісі бойынша және заңда көзделген жағдайларда ғана қолданылады.

Қылмыстық іс-қимылға ниетті оның болу ықтималдығын ғана негізге алып, мұндай сипаттағы алдын ала ықпал ету әрекетіне жол бермейді. Күресті жалпы қоғам болып жүзеге асыру. Мұнда мемлекеттің орны ерекше. Себебі, мәжбүрлеу құралдары мен институттары мемлекеттің қолында. Қылмыскерлік пен күрестің бағытын да мемлекет анықтайды. Қылмыскерлік пен күресті заңдылық режимде тек мемлекеттің Конституциясы, оған қайшы келмейтін басқа заңдар мен заңға тәуелді актілер шегінде, халықаралық құқықтық нормаларды, сақтай отырып, жүзеге асыру. Қылмыскерлікпен күресті кешенді жүзеге асыру, біркезеңдерде қылмыскерліктің алдына алу шараларының ғана басқа кезеңдерге құқық қорғау, әсіресе шаралау жазаларына әуестенуге жол берілмейді.

Кез-келген қылмыстық істі тергеу кезінде ең алдыменен қылмыстың объективтік жағы - қылмыс құрамының негізін қалаушы анықталады, ал содан соң осының негізінде қылмыстың субъективтік жағы және оның белгілері -себеп, мақсат, ниет, т.б. анықталады.

Қылмыстың объективтік жағы дегеніміз: белгілі жағдайларда орында және уақытта өтіп жатқан, қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге зиян келтіретін нақты қоғамдық қауіпті мінез-құлқтың, қол сұғушылықтың сыртқы көрінісін сипаттайтын қылмыс құрамының құрамдас бөлігі. Бұл әдетте, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің Ерекше бөлімі бабының диспозициясында көрсетіледі.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 370-бабының 1-бөлігінің диспозициясына сәйкес аталған бапта көзделген қызметтегі әрекетсіздіктің объективтік жағын мыналар құрайды:

- 1) мемлекет мүддесіне зиян келтіру түріндегі қауіпті әрекет;
- 2) қызметтегі әрекетсіздік түріндегі қылмыстық зардап;
- 3) әрекет пен аталған зардап арасындағы себепті байланыс.

Әрекетсіздік жолымен мемлекет мүддесіне зиян келтіру, егер тұлға өзі жасауға міндетті және жасай алатын белгілі іс-әрекеттерді жасамаса, сол сияқты соның нәтижесінде мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілсе ғана орын алады. Белгілі іс-әрекеттерді жасау міндеті заңнан (мысалы, ата-аналарының балаларының денсаулығына қамқорлық етуі) немесе басқа тұлғаның денсаулығына қауіп тудырған тұлғаның оған дейінгі мінез-құлқынан, не өзге де негіздерден туындауы мүмкін. Сот-тергеу тәжірибесіне сүйенсек әрекетсіздік пен мемлекет мүддесіне зиян келтіру көп кездеседі.

Қылмыстық-құқықтық мағынада іс-әрекет деп адамның саналы және ерікті мінез құлқы түсініледі. Сондықтан егер, мемлекет мүддесіне зиян есі дұрыс емес адаммен келтірілсе, онда қылмыс орын алмайды, өйткені бұндай тұлға өзінің мінез-құлқының қоғамдық қауіптілігін ұғынбауына және оларды басқара алмауына байланысты қылмыстық-құқықтық мағынада әрекет етпейді. Қылмыстық-құқықтық мағынада есі дұрыс тұлға да әрекет етпейді, егер ол белгілі іс-әрекеттерді өз еркіне қарсы бой бермейтін физиологиялық күштің әсерінен жасаса. Мысалы, біреудің екінші адамды итеріп қалуынан, екінші адамның үшінші адамға соғылуынан, үшінші адамның жерге құлап, қолын шығарып алуы немесе сындыруы.

Сонымен бірге, мемлекет мүддесіне зиян келтіру кез-келген жағдайларда құқыққа



қайшы болуы керек. Мемлекет мүддесіне қарсы әрекеттің құқыққа қайшылығын жоятын жағдайларда қасақана ауыр зиян келтіруде қызметтегі әрекетсіздіктің құрамы түгіл қылмыстың жалпы құрамы да болмайды. Құқыққа қайшылық пен қылмыс құрамы мемлекет мүддесіне қарсы қылмыс жайлы қажетті арнайы нұсқаулардың жоқтығына карамастан, сонда да тек қана заң болып табылады.

Объективтік жағынан алғанда қызметтегі әрекетсіздік лауазымды адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті арқылы сипатталады. Қызметтегі әрекетсіздік арқылы қылмыскер сыйақы алады, ал сыйақы алу кінәлінің қызмет жағдайын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Объективтік жағынан қызметтегі әрекетсіздік:

- 1) лауазымды адамға пара алу мақсатында қызметінде әрекетсіздік жасайды;
- 2) қызметтегі әрекетсіздігі үшін пара затын адам тікелей өзі немесе делдал арқылы береді;
- 3) лауазымды адам өз қызметін пара берушінің мүддесіне белгілі бір әрекетті істеуге немесе істемеуге пайдалануы арқылы сипатталады.

Заң ғылымының докторы Борчашвилидің айтуынша пара беру немесе тапсыру әдістері қылмыстың құрамы үшін маңызды емес. Пара оның алушының тура өзіне немесе оның келісімімен жақын туыстарына берілуі мүмкін. Ол істелінбеген жұмысқа почта арқылы айлық түрінде берілуі мүмкін. Пара берудің жасырынды нысандары бар. Олар: заңсыз сыйлық беру, алдын ала ойластырылып пара алушыға картадан елеулі ақша соммасын ұтылу; пара алушыға бағалы, құнды заттарды өте арзан бағаға сату және тағы басқалар.

Лауазымды тұлғаға материалдық мазмұндағы емес пайда келтіру қарастырылып отырған қылмыс құрамын құрамайды. Мысалы: онымен жыныстық қатынаста болу; лауазымды тұлғаның сұрауы бойынша, ол туралы мадақтау үндеу тарату немесе оның жұмысы туралы баспасөз бетінде жақсы пікірлер жариялау пара беру ретінде сараланбауы керек.

Пара беру формальдық қылмыс құрамы болып табылады. Лауазымды тұлға пара алған кезден бастап, яғни берушінің мүддесі үшін белгілі бір әрекет істелгені не істелмегеніне карамастан қылмыс аяқталды деп саналады.

Кінәлінің пара алуының бірінші нысаны лауазымды адамның қызметтік өкіліне кіретін іс-әрекеттерді жасауы арқылы пара алуы (баршылық жұмысқа аламын немесе жұмыстан шығарамын деп пара алуы; қызметін жоғарлату немесе басқадай көтермелеу жасағаны үшін қол астындағы бағынышты адамнан пара алуы; немесе ревизия, материалдық игіліктерге жұмыс жүргізбегенің, жетпейтін заттарды тексеру қортысдысында көрсетпегені үшін пара алуы). Қызметіне байланысты пара алу пара алудың екінші бір нысаны болып табылады. Бұл жерде лауазым адамы өз құзыретіне жатпайтын іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін өзінің беделін, қызметтік байланысын пайдалану арқылы басқа бір лауазым адамына ықпал ету арқылы пара алады.

Қызмет бабын пайдаланудың үшінші бір нысаны қамқорлық жасау немесе қызмет бойынша жол беру болып табылады. Қамқорлық жасауға - тамыр-таныстық бойынша қызметке орналастырып пара алу, негізсіз сыйлықтар беру, көтермелеулер көрсету немесе өте құнды заттарды босату арқылы пара алулар сияқты әрекеттер жатады. Қызмет бойынша жол беруге – қол астындағы бағынышты адамдардың заңсыз, қылмысты әрекеттеріне тыйым салмау, жұмысқа мас болып немесе келмей қойғаның елемеу, басқа да заңсыздықтарға жол бергенің көре тұра, жоғарыда көрсетілген адамдардан пара алу арқылы шара қолданбау әрекеттері жатады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылғы 03 шілдеде қабылданған.
2. Волженкин Б.В. Служебные преступления. – М.: Юрист, 2000. 354 с.